

ӘОЖ 821.512.122

МОЛДАҒАЛИ ЖОЛДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Рахимбаева Лаура Ерболқызы

rahimbaevalaura@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қ.Р.Кемеңгер

Молдағали Жолдыбайұлы 1887 жылы бұрынғы Орал облысы Ілбішін уезі Қурайлы болысында өмірге келген. Қарасудағы 6 сыныптық орыс-қазақ мектебін үздік аяқтаған және Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде білім алған. Жұбанышкөл, Бұлдырты мектептері мен Қарасудағы орыс-қазақ мектебінде 1910-1918 жылдары мұғалім болып қызмет атқарған. Осы қызметті атқара жүріп, «Қазақ» газетінде, «Айқап» журналында мақалаларын жариялаған.

Алаш білімпазы 1934 жылы Қазақ коммунистік журналистика институты директорының қызметін атқарған. Профессор Сағымбай Қозыбаев: «Қазақ журналистика институты жетекшілерінің тізімінде қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі Молдағали Жолдыбайұлы бар. Ол төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болды. «Алаш» қозғалысының белсенді мүшесі. «Егемен Қазақстан» газетінің ізашары – «Еңбекші қазақтың» алғашқы редакторларының бірі» [1], – деп жазады.

Молдағали Жолдыбайұлы Ахмет Байтұрсынұлы, Аспандияр Кенжин сынды қайраткерлер тұсында Халық комиссариаты Коллегиясының мүшесі әрі қызметкері болған. Сәкен Сейфуллинмен, Архип Бочаговпен бірге жұмыс жасаған. Бұған ҚР Орталық мұрағатындағы құжат – «Халық комиссариаты Коллегиясы мүшелерінің тізімі (1922 жылғы 12 қыркүйектегі жағдай бойынша)» дәлел бола алады.

М. Жолдыбайұлы Т. Шонанұлымен бірге жазған «Жаңа арна» құралы 1927 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасында жарық көрді. Оқу құралы 1927 жылғы жаңа оқу бағдарламасына арналып жасалған, қазақша педагогикалық жүйелі еңбектердің бірі және бірегейі болды.

Қос автор кітаптың мақсаты мен міндеттерін аңдатпада: «Қолдан келгенше, оқу құралын оқытқанда зерттеу әдісі ұсталуға келерлік болуын көздедік. Сондықтан, мақаланың астында, я бөлек тұрған сұрауларға керек жұмыстар орындалып отыруы керек. Кітапта есеп, емле, жазу, дыйағырам(диаграмма) сияқтылардың мөлшерін көрсетіп отырдық. Бұл толық емес. Толық болудың керегі де жоқ. Біздің ойымыз соларды қалай іске асыру жөнін ғана байқату болды» - деп түсіндіріп кетеді.

Оқу құралының басты артықшылығы әлі толық ретке келіп, бір арнаға қойылмаған жергілікті білім беру бағдарламаларын ұстазға да, оқушыға да түсінікті, жол көрсетер ретінде жазып беруі болды. Мәселен, әдебиеттегі «аллитерация» ұғымын тек әдеби тұрғыдан емес, баланың оқуға деген ынтасын арттыру үшін қалай қолдану керектігі алғашқы беттерден-ақ айтылады. Бұл кітапта: «Бала төселіп оқып кете алмайтынына бір себеп – кітап тілінен екені бұл күнгі педагогика даусыз әңгіме. Бала төселіп оқып кету үшін мақалалардағы әңгімелер ырғақты, жорғаның жүрісіндей теңселіп отыруы керек. Ырғақты әңгіме деп педагогика дарынды ауыз әдебиетін айтады. Ауыз әдебиетіміздің ішкі ұйқастық және аллитерация деген заңдары педагогиканың дәл осы тілегіне саз балшықтай жабысады. Алдыңғы сөз қайталап, екіленіп, қосарланып тез оқуға баланың ауызын ұмсындырып отырады, көзін тез жаттықтырады» - деп көрсетіледі де, артынша қазақ әдебиетінен нақты мысалдар келтіріледі.

Оқу құралында қырық шақты сурет және бірнеше диаграмдық мысал бар. Бұның өзі оқулықтың сол жылдар үшін таптырмас еңбек екеніне дәлел болады.

Аңдатпадан соң, кітап күз мезгілінде мектепке келген бала атынан жазылған әңгімемен жалғасады. Оқулықтың тілі жеңіл, сөздерінің қарабайыр емес, қарапайым болғанының артықшылығы – оқушыға түсінуге, педагогқа түсіндіруге жеңіл бола түседі. Авторлар мектепке кеше келген жас бүлдіршін үшін ең басты тақырыптар – сауат ашу мен санап үйренумен қатар, патриотизм мен тәртіп сынды құндылықтарды о бастан сіңіруге жол ашады. Сурет, әңгіме, өлең, санауықтан кейін міндетті түрде сұрақ келіп, қазіргі педагогикада ең маңызды саналатын кері байланыс функциясы көрсетіледі.

Қос ғалым педагогикадағы сабақ берудің түрлі әдістері мен бала бойында екшеленуі тиіс негізгі дағдыларды өте сауатты жеткізгені сонша, бүгінгі прогрессивті педагогика элементтерін табу бізді таң қалдырды. Мәселен, кітаптың алғашқы «Күз» бөліміндегі жануарларды тану тақырыптары бір бетте бірнеше формада, яғни, әңгіме түрінде де, өлең түрінде де, тіпті, мақал мен қосымша салыстырмалы талдау негізінде де баяндалады. Бұдай тақырыпты түсіндірудің әртүрлілігімен әлемдік педагогика майталмандарының да көбі екшелене бермейтінін білеміз.

Кітаптағы әңгімелердің қызық әрі бала талабын ашуға шеберлігі сондай, оқып отырған ересек біз де «класішілік» сайлауға қатысып, «тазалықшы» болған бала үшін қуанышты болдық. Бұл оқиға кезінде мынадай маңызды ой айтылады: «Кәмітетші болу оңай ғой деп жүрсем, тіпті қиын екен. Кейде сабақта отырғанда жолдасыңмен сөйлескің келіп қалады. Сөйлесейін деп бір оқтанып қаласың да, кәмітетші екенің есіңе түсіп, аузыңды жұма қоясың. Кәмітетші өзі сөйлесіп отырса, тәртіп бола ма? Жиылыста сөгіс аласың, қашанғыдан бұрын жолдастарыңның алдында ұялғаның жаман ғой».

Осындай ілгері идеялар мен бала психологиясын терең ұғынудың арқасында, кітаптың кезекті бөлімдері де аса қызық, әрі есте қаларлық қысқа да нұсқа етіп көрінеді. Бүгінгі бастауыш білім беру жүйесі үшін таптырмас идеялар, жас педагогке іліп алар тамаша үлгілер бары және қуаныш.

Оқулықтың математикаға арналған тарауларында бүгінде бізге беймәлім боп қалған, алайда оқи отыра, түсініп, таң қаларлықтай бірнеше сапалы есептер мен санау, есептеу технологиялары келеді. Мұның әрбірі диаграмма, сурет, мысалмен сүйемелденгенде, тіпті, қызық әрі тартымды екенін айта кету керек. Есептердің бірінде: «Екі жетіден соң есептесек, үш күн қар жауыпты, жеті күн жалтыр болыпты. Бір күн боран, бір күн ай құлақтаныпты, екі күн күн құлақтаныпты. Осыған мынадай дыйағырам салдық» - деп диаграмма беріледі де, артынша сол кесте бойынша бірнеше есеп сұрақтары қойылады.

Кітаптың әдеби негізінің байлығы, расында, авторлардың кіріспеді айтып өткен мақсаттарын толығымен орындайды. Балалардың есеп, емледен бөлек, әдебиетке деген ынтасын арттыру үшін мақал да, мәтел де, әңгіме де, өлең де жетерлік. Атап айтуға тұрар тағы бір нәрсе – кітапта берілген осы әдебиет жанрларының көбі оқулық үшін арнайы жазылған, яғни, авторлық әңгімелер мен өлеңдер, мысал сөздер. Мәселен, қазақтың дәстүрлі тұсау кесер жырының орнына Телжан Шонанұлы мен Молдағали Жолдыбаев:

«Тәй-тәй. Қаз-қаз
Қарағым, апыл-тапыл басқанға мәз.
Қосылып балалармен ойнауыңа
Жарқылдап көк орайлы келді ғой жаз.
Мә, таяқ, істеп берем жіптен ноқта.
Қамшы қыл мына талды, қалқам, тоқта!
Есейсең әкендей боп шаруа іздеп

Сен-дағы жарбиярсың мініп атқа» - деген өлең келтірген. Осы себептен де, біз бұл кітапты Молдағали Жолдыбаевтың әдістемелік қана емес, әдеби мұрасына да жатқыза аламыз.

«Жаңа арнадан» кейін, Жолдыбайұлының басшылығымен жазылып, 1934 жылы шыққан келесі еңбек – «Колхоз ауыл». «Колхоз ауыл» авторлары ретінде Жолдыбаевтан кейін Т. Арыстанбекұлы, С. Логинов, А. Мамыт келіні көрсетіледі. Кітап оқу-әдістемелік құралы саналғандықтан, оның ішінде кеңестік мектеп идеологиясымен қатар, ұлттық ағарту үлгілері де берілген.

Оқулық: «Бізде халық ағарту жұмысы – бүкіл кеңестер жұртшылығының жұмысы. Сондықтан, мектепте оқу бастау жұмысына ұйымдасқан бұқара қатыссын!» деген ұран сөзбен басталады. Кітаптың басқа оқулықтардан басты ерекшелігі – балаларға колхоз жұмысына белсене араласу қажеттігі сіңіртіп, еңбек пен білімді қатар беру идеясы насихатталады. Сонымен қатар, оқу құралының түрлі колхоз техникасына, әлеуметтік өмірге нұсқаулық екені және бар. Ұжымдық жұмысты тура деп білген осы бір ағарту еңбегінде Молдағали Жолдыбайұлы балаларға коммунистік партия ұрандарын толығырақ түсіндіру және оларды шаруашылықта қолдану ретін көрсетуді мақсат тұтып, оқулықты осы бағытта жазып шыққан.

Осыдан бірнеше жыл өтіп, көзқарастар түзеліп, Алашорда бекігенде, ғалымның жаңа прогрессивті зерттеулері жарық көре бастады. Мәселен, Жолдыбаевтың әдебиетті оқытуға сіңірген еңбегін тізсек, «Әдебиет хрестоматиясын» міндетті түрде айта кету керек. Бұл кітап – Жолдыбаевтың М. Қаратаев, Ә. Қоңыратбаевпен бірлесе жазып, 1934 жылы жарық көрген, ең маңызды ғылыми еңбектерінің бірі.

Кітап қазақ халық ауыз әдебиетінің ең жарқын формасының бірі ертегілермен басталады. Ертегілер тізіміне «Түлкі, аю, қойшы», «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» жатқызылып, солардың толық мәтіні, артынша, тақырыпқа сай сұрақтар қойылған. «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдекке» ертегінің иллюстрациясы салынса, «Қымбат намаз» нақыл боларлық мақалмен түйінделеді.

Содан кейін бүгінде «Тұрмыс-салт жырлары» деп аталатын ауыз әдебиетінің үлгілері, хрестоматияда «Ауыл шаруашылық өлеңдері» деген атаумен келеді.

Келесі ретте қазақ жазба әдебиеті және оны қалыптастырған тұлғалар – Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көбеев сынды ақын-жазушылардың өмірбаяндары, шығармалары мен оларға қосымша суреттер мен оқырманға арналған тақырыптық сұрақтар келеді.

Хрестоматияның қазақ авторларынан кейінгі беттерінде орыстың әйгілі жазушылары мен ақындарының өмірі, шығармалары аударылып беріледі. Бұл жерде бір үлкен ерекшелік: орыс зиялыларының аты-жөндерінің өзі қазақ тіліне бейімделіп, қазақ қаріптерімен жазылған. Мәселен, Мақсым Гөркйй (Максим Горький), Шеқып (Чехов).

Мақаламызды түйіндей келе, Молдағали Жолдыбайұлының қазақ әдебиет пен педагогикасына қосқан орасан-зор үлесін біз атап көрсеткен екі кітап мысалында толық көрсету мүмкін емес. Алайда, қос оқулықтың да қайраткер мұрасын зерттеуде негізгі тиек екенін айту керек. Бұл кітаптар салыстырмалы түрде еркін, коммунистік партия тарих пен сөз бостандыққа шек қоймай тұрып жазылғанын ескерсек, сол заман ағартушылық қызметі үшін таптырмас ғылыми-әдістемелік құрал болғанын ұғамыз.

Заманауи педагогика үшін «Жаңа арнадағы» білім берудің тың формуласы зерттеуді, түсінуді, үлгі етуді қажетсінетін бірегей оқулық. Оның мысалында, бүгінгі оқыту үрдісінде кетіп жатқан кемшіліктерге басқа бұрыштан үңіліп қарау мүмкіндігі туар еді. Кітаптың практикалық мәнінен бөлек, оның ғылыми, әдеби маңызын қорытар болсақ, онда берілген фактілер, аудармалар, арнайы жазылған авторлық туындылар – тағы да құндылығы аса жоғары материал.

Ал «Әдебиет хрестоматиясының» тарихи мәні, тіпті, жоғары. Ол аяусыз қудаланған қазақ зиялыларының тынымсыз зерттеу нәтижелерінің көрінісі, ондағы әр тұжырым, әр мысал, әр аударма алаш қайраткерлерінің жүйелі еңбегіне дәлел бола алады.

Бұдан бөлек, бірнеше ел баспасөзіне мақала жазып, саяси белсенді болған Молдағали Жолдыбайұлы қазақ ғылымы мен ағартушылық саласына жұрт назарын аударту үшін есепсіз еңбек сіңірді. Соның бәрінің соңында еңбегінің жемісін өзі емес, ұрпақтары, біз – жас ұстаздар көріп келеміз. Демек, Алаш азаматтарының әрбірі сияқты, Молдағали Жолдыбайұлының да аты өшпек емес, орны ұмытылмақ емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңа арна. /Құраст. Т. Шонанұлы, М. Жолдыбайұлы. – Мәскеу, Қызылорда: «Қазақстан мемлекеттік» баспасы, 1927. – 150 бет.
2. Әдебиет хрестоматиясы [Мәтін] : 4-жылдық / М. Жолдыбайұлы , Ә. Қоңыратбайұлы , М. Қаратайұлы ; [жауапты ред. Н. С. Манаев] ; Қазақстан халық ағарту комитеті .- Қызыл-Орда : Қазақстан баспасы, 1934 .– 46000 дана . - Мәтін латын қарпімен қазақ тілінде . 2-бөлім .– 92, [2] б
3. Орынай Жұбаева. Жолдыбайұлы М. Шығармалары/ М. Жолдыбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2019. – 456 бет. Әлдиден эпосқа дейін. /Құраст. Б.Бопайұлы, С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы» ҚҚ, - 2018. – 392 б.
4. Орынай Жұбаева «Қазақ білім-ғылымының қалыптасуына ерен еңбек сіңірген қайраткер» мақаласы